

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік
Медицина Университеті

Кафедра: *Жалпы Хирургия*

Факультет: *Жалпы медицина*


Тақырып: *Пластикалық хирургияның және
трансплантологияның негізі*

Орындаған: *Елмұрат А*
301 "а" топ.

- ❖ *Пластикалық хирургия негіздер;*
- ❖ *Даму тарихы;*
- ❖ *Трансплантацияның түрлері;*
- ❖ *Тіннің түріне байланысты түрлері;*
- ❖ *Тері пластикасы;*
- ❖ *Бұлшықеттердің пластикасы;*
- ❖ *Сүйектердің пластикасы;*

- *Пластикалық хирургия, пластикалық операция — хирургияның бір саласы. Пластикалық хирургияда адам органдары мен тіндерінің туа немесе жүре пайда болатын кемістіктерін қалпына келтіру үшін хирург. операция жасалады. Пластикалық хирургияға адам организміндегі барлық кемістікті (жырық, т. б.) жою мақсатында жүргізілген операциялар жатады, сондай-ақ көмекей, өңеш, қарын, т.б. органдарды емдеуде де Пластикалық хирургия қолданылады. Пластикалық хирургия көне заманнан белгілі. Тибетте б.з.б. 3 мың, Үндістанда б.з.б. 1 мың жыл бұрын пішіні бұзылған мұрынды қалыпқа келтіруге жасалған операция (ринопластика) туралы дерек табылған.*

**ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ ПЛАСТИКАЛЫҚ ХИРУРГИЯ
КҮНДЕЛІКТІ ТӘЖІРИБЕДЕ КЕҢІНЕН
ҚОЛДАНЫЛАДЫ. МЫСАЛЫ, АДАМ
ДЕНЕСІНДЕГІ КҮЙІКТЕН КЕЙІН ТЕРІНІ
АЛМАСТЫРУ, БЕТТЕГІ ӘЖІМДІ НЕМЕСЕ
ДЕНЕДЕ ПАЙДА БОЛҒАН ІСІКТІ АЛУ
ПЛАСТИКАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР АРҚЫЛЫ
ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ. СОНДАЙ-АҚ
БҮЛІНГЕН ҚАН ТАМЫРЛАРЫНЫҢ НЕМЕСЕ
ЖҮРЕК КЛАПАНАДАРЫНЫҢ ОРНЫНА
СИНТЕЗДІК ТІННЕН ПРОТЕЗ
(АЛЛОПЛАСТИКА) ҚОЙЫЛАДЫ.**



ПЛАСТИКАЛЫҚ ХИРУРГИЯНЫҢ БІРНЕШЕ ТҮРІ БАР:

- 1) АУТОПЛАСТИКА ТҮРІНДЕ КЕМІСТІКТІ ТҮЗЕТУГЕ НЕ ЖАМАУҒА ҚАЖЕТТІ ТІНДІ НАУҚАСТЫҢ ӨЗ ДЕНЕСІНЕН (ТІН, ТЕРІ, ІШЕК, Т.Б.),***
- 2) ГОМОПЛАСТИКАДА — ОПЕРАЦИЯҒА ҚАЖЕТТІ ТІНДІ БАСҚА АДАМНЫҢ (КЕЙДЕ ӨЛІКТІҢ) ОРГАНИЗМІНЕН АЛАДЫ,***
- 3) ГЕТЕРОПЛАСТИКАДА — АРНАЙЫ ПЛАСТИКАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР ҮШІН ЖАНУАРЛАР ТІНІ***
- 4) АҒЗАЛАР МЕН ТІНДЕРГЕ ПРОТЕЗ САЛУ- СИНТЕТИКАЛЫҚ ЗАТТАРДЫ, МЕТАЛЛДАРДЫ НЕМЕСЕ БАСҚА ДА БЕЙОРГАНИКАЛЫҚ ЗАТТАРДЫ ПАЙДАЛАНАДЫ.***

***АУЫСТЫРЫП ОТЫРЫЗЫЛҒАН
ТІННІҢ ТҮРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ***

1) ТЕРІЛІК,

2) СІҢІРЛІК,

3) НЕРВТІК,

4) СҮЙЕКТІК,


5) ШЕМІРШЕКТІК,

***6) ТАМЫРЛЫҚ ЖӘНЕ Т.Б БОЛЫП
БӨЛІНЕДІ.***

Тері пластикасы

*Бос
терілік
пластика*

*Бос емес
терілік
пластика*



БОС ТЕРІЛІК ПЛАСТИКА

- ❖ **Яценко-Реверден әдісі** - жергілікті жансыздандыруды қолданып, сан мен білектін сыртқы бетінен немесе құрсақтың алдыңғы қабырғасынан скальпельмен немесе ұстарамен эпидермистің жұқа, диаметрі 0,3-0,5см қабатын кесіп алып, жараға салады. Жараны 8-10 тәулікке индифферентті маймен таңып қояды.
- ❖ **Янович-Чаинский-Дейвис әдісі** - скальпельмен немесе ұстарамен диаметрі 1-2см толық қабатты тері трансплантаттары дайындалады.
- ❖ **Тирша әдісі** - санның алдыңғы бетінен ұстара немесе өткір пышақтың көмегімен емізiкті қабатына дейiнгi енi 2-3см, ұзындығы 4-5см эпителий жолақтарын кесiп алады. Содан кейiн оларды кемiстiктерiн бетiне жауып, вазелин майы бар асептикалық таңғышты 6-10 тәулікке қояды.
- ❖ **Лоусон-Краузе әдісі** - толық қабатты және үлкен көлемді тері трансплантатын грануляциялық бетке ауыстырып отырғызады, бөлек тігістермен кемістіктің шетіне бекітеді. Содан соң, жараға қысып тұратын асептикалық таңғыш салынады.

БҰЛШЫҚЕТТЕРДІҢ ПЛАСТИКАСЫ

Қанмен қамтамасыз етілуі және инервациясы сақталған аяқшасы бар бұлшықеттерді отырғызу-остеомиелит кезінде сүйек саңылауын тығындау үшін, сонымен қатар бронхиальді жыланкөз және жетіспейтін аумақты толтыру үшін қолданады.

Бос бұлшықеттік пластика гемостатикалық мақсатпен бса-миының қатты қабығының синустары зақымдалғанда тығындау үшін, сонымен қатар олардың қызметін қалпына келтіру үшін жасалатын, прецизонды микрохирургиялық тәсілде қолданылады.

СҮЙЕКТЕРДІҢ ПЛАСТИКАСЫ

Оны ағзаның жоғалған қызметін және косметикалық пішінін қалпына келтіру үшін қолданады.

Бос емес пластиканы алғаш рет Н.И.Пирогов аяқ ұшының остеонеопластикалық ампутациясын жасағанда қолданды және тіреу мақсатымен өкше сүйегінің төмпешігін пайдаланады. Бұл әдіс сирақтық және санның пластикалық ампутациясын жасауда көрініс тапты.

НЕРВТЕРДІҢ ПЛАСТИКАСЫ

Нерв талшықтарын қалпына келтіру үшін жасалатын операцияның түрлері:

- *Біріншілік және екіншілік тігіс салу;*
- *Сыртқы және ішкі невролиз жасау, ол микротамырлық тәсілді қолданып орындалады;*
- *Нервтің трансплантациясы: қанмен қамтамасыз етілмейтін және қанмен қамтамасыз етілетін невральды трансплантантарды пайдалану;*

ТІГІССІЗ ӘДІСТЕРДЕ ҚОЛДАНЫЛАДЫ:

- ⊙ *Инвагинациялық әдіс-сақинаны немесе түтікті пайдаланып, тамырдың бір ұшын екіншісіне енгізіп бекітеді;*
- ⊙ *Желімді әдіс-желімді пайдаланып біріктіру;*
- ⊙ *Біріктірілген әдіс- лазер мен желімді бірге қолданып, тамырларды біріктіру*

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

- ◎ *Жалпы Хирургия Қ.Д.Дұрманов*
- ◎ *Жалпы Хирургия Б.И.Баспаев, Т.А. Джаркенов, Жармағанбетов , А.Б Байжарқынова*
- ◎ *W.w.w Google.kz*
- ◎ *Yandex.ru*